

### *Мариуполь балық-консерві заводы*

Соғыс жылдарында Қазақстанға немістердің окупациялық аймағына түсетін аудандарынан көшірілген өнеркәсіп орындарының қатарында Украинаның Мариуполь қаласында 1931- жылдан жұмыс істеп келе жатқан балық - консерві заводы да бар еді. Осы завод 1941 - жылы Балқаш көлінің жағалауарында енбек етіп жатқан 2000-нан аса балықшылардың қатарына қосылды. Балқаштық балықшылар көл айнала орналасқан 19 балықшылар колхоздары мен Алғазы, Мыңарал аралдарында орналасқан балық өндіру заводтарында жұмыс істейтінді. Колхоздардың 9-ы көлдің сол жағалауында орналасқанды.

Завод жабдықтарынан құралған консерві цехи алғашқы өнімін – балық консервілерінің бірінші партиясын 1943-жылы ақпан айында шығарады. Цех бастығы болып заводпен бірге көшіп келген Н.Н. Вдовина тағайындалады. Соғыстан кейін, завод жабдықтары Мариупольға қайтарылғанда Н.Н. Вдовина еліне қайтпай біржола балқаштық болып қалды.

